

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы (пәнаралық) = Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина (междисциплинарный). - 2017. - №4 (95). - Б.86-95

РЕСЕЙ ОТАРШЫЛЫҒЫНЫҢ БӨГДЕ САНА ІЛІМДЕРІ

Аринов Е.К.

Аннотация

Отарлау басқаның жерін басып алумен, саяси-әкімшілік билікті өзгертумен шектелмейтіні тарихтан белгілі. Отарлаушылар отарлаған елдерін өздеріне қарсы бас көтертпеу үшін бірінші кезекте халықтың елдік санасын, ұлттық намысын жоюға, бодан елдің төл санасына қатыстылардың барлығын бөгде сана арқылы тоз-тозын шығарып бұзуға, халықтың тарихи-мәдени жадын ұмыттырып мәңгүрттендіруге тырысады. Отарлаушыларға тән бұл сипатты Қазақ елін Ресейдің отарлау саясатынан көруге болады.

Кеңестік кезеңде елімізде болған төңкерістер, бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар тұсындағы қазақ халқы көрген қиындықтар, бай-кулактармен күрес, ұжымдастыру саясаты, бірнеше мәрте әдейі жасалған ашаршылықтар, қазақ зиялыларын репрессиялау, коммунизм құрудағы асыра сілтеулер салдарынан қазақ халқының ұлттық рухы құлдырады. Сол кезеңдердегі қазақтың санасын, мәдениетін, тілін, дінін ұмыттыруға бағытталған бөгде сана ілімдері құрудың алдында тұрған халықтың тарихи жадысын, рухани құндылықтарын, дүниетанымын өзгеріске түсірді. Автор мақалада Ресей отаршылығының қазақ халқының сана болмысына жасаған осы ықпалдарын философиядағы «төл сана» және «бөгде сана» ұғымдарына талдау жасау арқылы көрсетеді. Кеңес дәуірінде үстемдік еткен бөгде сана ілімдері мен еуропацентристік және ориенталистік өлшемдер бойынша қалыптасқан дұрыс емес таным-түсініктерді айқындайды.

Сонымен қатар, мақалада тәуелсіздіктің іргетасын бекіте түсуде және қоғамдық сананы рухани жаңғыртуда өткен тарихымыз бен мәдениетіміздің отаршылық заманнан, тарих сүргінінен бізге көмескіленіп жеткен құндылықтарын жас тәуелсіз мемлекет ретінде қайта бағалау қажеттілігі, өшкенімізді жаңғыртып, тарихи тұлғаларымыз туралы, олардың дүниетанымдық мәселелері туралы объективті көзқарас қалыптастыру қажеттілігі баяндалады.

Кілттік сөздер: сана, төл сана, бөгде сана, отаршылық, еуропацентризм, социализм, коммунизм, отарлық білім, ағартушылық, тәуелсіздік

Кіріспе

Сана философиялық ұғымдардың бірі. Бұл ұғым философияда объективті шындықты бейнелеудің адамға тән жоғары

формасы ретінде түсіндіріледі. Философияда сана ұғымының күн тәртібіне қойылуы сонау ерте замандардан басталды. Философия

тарихына үңілсек, сана және материя ұғымдарының қатынасы турасында ойшылдардың үлкен екі топқа бөлінгендігін аңғаруға болады. Оның бірі сананың материядан тәуелсіздігін және оның біріншілігін мойындайтын идеализм ағымы болса, екіншісі керісінше, материяның санадан тәуелсіздігін және оның біріншілігін жақтайтын материализм ағымы еді. Идеалистер мен материалистер арасындағы тартыс философия тарихының өңбойынан көрінеді. Тіпті, диалектикалық материализм өкілдері философияның негізгі мәселесін сананың материяға қатынасы деп біржақты анықтады. Біржақты дейтініміз философияның негізгі мәселелері тек сананың материяға қатынасынан көрініс табуы мүмкін емес, себебі философия бұл қатынастар төңірегіндегі ғана сұрақтармен айналысып қоймайды. Оның айналысатын мәселелер аумағы тым кең. Біз білетін барлық ғылымдардың нақты зерттеу объектісі, пәні, заңдары, түсініктері (категориялары), сүйенетін ұстанымдары, зерттеу жүргізудің әдіс-тәсілдері бар. Егер философияға Еуропа ойшылдарының көзімен қарайтын болсақ, әсіресе марксизм ілімі, философия, сөзсіз, ғылым болып табылады. Себебі философияның да зерттеу объектісі, пәні, түсініктері т.б. басқалары бар. Бірақ философия тек ғылым ғана емес, оның ғылыми тұсынан гөрі дүниетанымдық негіздері басымырақ. Философия – дүниетаным. Әр халық өзін қоршаған әлемді тануға, өзінің

дүниедегі орнын түсінуге тырысатыны белгілі. Халықтың дүниені тануға, оның қыр-сырларын біліп, түсіндіруге деген талпынысы, құлшынысы сол халықтың дүниетанымын құрайды. Халықтар бір-бірінен дүниетанымдарындағы ерекшеліктерге байланысты бөлінеді. Мәселен, қазақ халқы, орыс халқы. Алайда, философияға ғылым ретінде қарайтын ойшылдар халықтардың дүниетанымдарындағы бұл ерекшеліктерді есепке алмай, Еуропа философиясының түсініктерімен (категорияларымен) камтылған сұрақтарды философиялық мәселе деп анықтайды. Бірақ Еуропа философиясымен мойындалған түсініктер мен ұғымдар әлемнің барлық халықтарының дүниетанымын анықтауда әмбебап өлшем бола алар ма екен?

Әлемдегі әр халықтың дүниеге деген өзіндік көзқарасы болатыны белгілі. Қандай да болмасын халықтың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені бейнелеу тәсілі бар. Дүниені бейнелеуді, объективті шындықты бейнелеуді сана деп атаймыз. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің, философияның негізін құрайды. Халықтың ойлау мәдениетінде сол ұлттың рухани ерекшелігі, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы, адамдардың өзара қатынасы, құндылықтарды түсіну мен қабылдау формасы өрнектеледі. Жеке бір халықтың ойлау мәдениетінің болуымен қатар, сол халықтың ойлау жүйесін өзінің дүниетанымының негізіне айналдырған, ұлттық ойлаудан нәр алған данышпандары да болады.

Сондықтан халықтың дүниетанымын басқа бір халықтардың дүниетанымымен салыстырып, бір халықтың дүниетанымында қамтылмай қалған сұрақтарды, түсініктерді екінші халықтың дүниетанымынан тауып алып, біріншісіне қарағанда екіншісінің дүниетанымы философияға жақынырақ деп анықтауға болмайды, бұл жалған түсінік. Жалған түсініктен аса алмаған кейбір ойшылдарымыз қазақ халқының философиясына «әмбебап сана» негізінде келіп, қазақ философиясының ерекшелігін түсінбей, қазақ халқының философиясының болғандығына күмәнмен қарайды. Қазақ философиясына еуропалық

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында тарихи-логикалық, абстрактылықтан нақтылыққа өрлеу, салыстырмалы-

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері

Отарлаушы елдердің не себепті отар елінің ұлттық ана тілін өшіруге күш салатыны белгілі болды. Олардың ұлттың тілін құртудың астарында отар елдің елдігін, бірлігін бұзу, ұлттық рухын құлдырату ниеті жатыр. Себебі отарлау басқаның жерін басып алу немесе байырғы географиялық атауларды өзгертумен шектелмейді. Отарлаушылар отарлаған елдерін өздеріне қарсы бас көтертпеу үшін бірінші кезекте халықтың елдік санасын, ұлттық намысын жоюға тырысатыны тарихтан белгілі. Бойында намысы бар халық құлдыққа көнбейді, қарудың

философияның өлшемдерімен қарау орынды ма? Әрине, орынсыз. Еуропа халықтарының өз түсінігі бар, қазақ халқының өз түсінігі бар. Қазақ халқын басқа халықтардан ерешелейтін оның өзінің ұлттық дүниетанымы, бұл – оның төл санасы. Егер оның дүниетанымына бөгде жұрттың дүниетанымын телісек, бұл сырттан келген бөгде сана болады. Төл сана, яғни ұлттық дүниетаным, ұлттық ойлау тілге байланысты. Ұлттық ойлаудың басты ерекшелігі оның тілінде. Тіл – «қарым-қатынас құралы» ғана емес, тіл – халықтың сана-болмысының көрінісі, оның рухы, жаны. Тіл арқылы ұлт өз болмысын, өмір тіршілігін, дүниеге көзқарасын бейнелейді.

лық, герменевтикалық, жүйелеу және талдау әдістері қолданылды.

күшімен бағындырғанымен, келешекте бәрібір азаттығы үшін күреске шығады. Осыны болдырмау үшін отарлаушылар елдің төл санасына қатыстылардың барлығын бөгде сана арқылы тоз-тозын шығарып, бұзуға, халықтың тарихи-мәдени жадын ұмыттырып мәңгүрттендіруге тырысады. Отарлаушыларға тән бұл сипатты Қазақ елін Ресейдің отарлау саясатынан көруге болады.

Қазақ елі Ресей отаршылығы тұсында экономикалық, саяси, рухани тәуелділікке түсті. Отарлау арқылы келген бөгде сананың әсерінен қазақтың төл сана болмысы

бұзылды. Ресей отаршылығының зардаптарын айтып тауысу мүмкін емес, себебі отарлық сана қазақ қоғамының барлық саласында өз ізін қалдырған, тамырын жайған. Тәуелсіздік кезінде де бұл жалған санадан арылмауымыздың ең басты себебі қазақтың ұлттық рухының құлдырауынан деп анықтасақ қателеспейміз. Отарлаушылардың қазақтың ұлттық санасын, болмысын жоюға бағытталған түрлі-түрлі әрекеттері нәтижесінде ұлттық рух та құлдырауға ұшырады. Рухтың тоқырауына әсер еткен бұл әрекеттерді көрсету үшін Т.Ы. Әбжановтың «Қазақ рухының философиясы» оқулығындағы ойларды толықтай келтірейік:

«Біз рух мәселесін көтере отырып халқымыздың рухының құлдырау кезеңдерін мынадай сатыларға бөлдік:

Бірінші – XVIII ғасырдың басындағы мен XIX ғасырлардағы Ресейдің Қазақстанды отарлау саясаты. Бұл қылмыстық әрекет (Ресейге еркімен қосылу деген) жалған атпен жүргізіліп келді. Расында, Ресейдің қазақ жерін отарлауы сол кездердегі алып мемлекеттер Англия мен Америка сияқты елдердің Үнді, Қытай, Африка тағы да басқа елдердің халқын ашықтан-ашық қырып жою бағындыруынан өзгешелеу сияқты еді. Формасы алдамшы саясатпен бүркемеленген отарлаудың мазмұны біркелкі болды.

Екінші – XX ғасырдың басындағы бүкіл дүние жүзін дүр сілкіндірген Ресейде басталған 1917 жылғы Қазан төңкерісі қазақ халқы үшін аса қауіпті, әрі қатерлі кезеңнің

басы еді болды. Әрине, бұған деген көзқарас әртүрлі еді. Алаш Орда басшылары трагедияның басталғанын бірден аңғарса да, көптеген қазақ зиялылары бұл еркіндікке бастайтын жол шығар деген алдамшы ойдың құрсауында қалды.

Үшінші – 1932 жылғы бүкіл Ресейді жайлаған, оның ішінде қазақ халқына азалы жыл болып, 3,5 миллион халқын қолдан жасаған қырғынға ұшырату. Бұл – «Екінші кіші октябрь» революциясының қазақ халқына әкелген трагедиясы еді.

Төртінші – XX ғасырдың отызыншы жылдарының аяғына қарай басталған зиялы қауымды қырып жою процесі. Еліміздегі ең бетке ұстар ғұлама ғалымдар мен ақын-жазушыларды, саяси қайраткерлерді жазықсыздан-жазықсыз қырып жою кезеңі. Қазақтың рухын енді қайта бас көтере алмайтындай етіп таптап жаныштау тарихта бұрын соңды болмаған зұлымдық еді.

Бесінші – 40-жылдардың аяғына қарай, қазақ елінде, Абай мен Шәкәрім, Мұхтарлардың кіндік қаны тамған жердің іргесінде атом полигонының ашылуы және оның зардабы. Берия, Курчатов, Сахаров, Тихон тағы басқаларының қанқұйлы «ғылыми жетістіктері» 500 000 адамның өмірін құрбандыққа шалып, Қазақстан жеріндегі Семей, Өскемен, Павлодар, Қарағанды, Көкшетау сияқты облыстардың тұрғындарына жазылмайтын аурулардың түрлерін ала келді. Сондай-ақ Қазақстанда орналасқан 19 астам қауіпті ядролық

полигондардың және ондағы жарылыстардың қазақ рухына әсер еткені бәрімізге мәлім.

Алтыншы – қазақ рухының дамуына аса қауіпті болған факторлардың бірі Кеңес үкіметінің Хрущев бастаған Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты. Бұл саясат халқымыздың демографиялық жағдайын жасанды түрде түп-тамырымен өзгертуге, қазақтардың санын азайтуға, сол арқылы қазақ тілін жойып жіберіп, мәдениетін өркендетпеуге әкелген процесс еді. Осылардың зардабын әлі күнге дейін бастан кешіріп келеміз» [1].

Қазіргі кезде рухымыздың қайта жаңғырып жатқан жайы бар. Бұған, біріншіден, ата-бабаларымыздың ешбір өзге елге бағынбайтын, азат ұлттық мемлекет құру туралы қиялын, арманын, мақсатын шындыққа айналдыруымыз, яғни тәуелсіздікке қол жеткізуіміз себеп болып отыр; екіншіден, халықты рухтандыратын оның жері, елі, тілі, өнері тағы да басқа этностық қасиеттері және аттары аңызға айналған көсемдері, батырлары, билері, жыраулары, ақындарының рухы. Қарға тамырлы қазақтың қалыптасуынан бастап, осы кезге дейінгі тарихын қайта зерделеу, мәдениетін, әдебиетін, данышпан ғұламаларын қайта тану рухтың жаңғыруына әсер етуде.

Қазақ жерін Ресейдің, дәлірек айтсақ, Ресей патшалығының отарлау пиғылының көрінуі сонау XV-XVI ғасырлардан басталып, XIX ғасырдың аяғында толықтай аяқталды. Қазақ елін отарлау Ресейде патшалық билік құлап,

Кеңес үкіметі құрылғаннан кейін де жалғасын тапты.

XX ғасырдың әлемнің барша халықтарының тарихында алатын орны ерекше. Бұл ғасырда дүниежүзілік тарихтың бет-бейнесін анықтаған ірі-ірі оқиғалар орын алған болатын. Солардың бірі Ресейдегі 1917 жылы 25 қазанда жүзеге асқан социалистік төңкеріс еді. Қазан төңкерісін жұмысшы табының жағдайы жақсаратын, бүкіл еңбекші бұқараның мүддесі көзделетін, әлеуметтік теңсіздікке орын болмайтын социалистік қоғам орнату үшін Лениннің басшылығымен большевиктер жасады. Төңкерістен кейін большевиктер көп ұлтты Ресей еңбекшілерінің арасынан өз жақтастарының санын арттыру мақсатында «Ресей халықтары құқықтарының декларациясын» және «Ресей мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне» деген екі саяси құжат қабылдады. Бұл құжаттарда Ресейді мекендеген халықтардың теңдігі, олардың өздерінің мемлекеттік құрылысын өздері шешуге құқылы екендігі айтылып, ұлттық және этникалық топтардың еркін дамуына, бұрынғы езілген ұлттарды өздерін-өздері билейтіндігіне кепілдік беріледі делінді. Қазақ зиялылары дүниені дүр сілкіндірген бұл өзгерістерді пайдаланып, қазақ халқын отарлық құлдықтан алып шыға алатын жол іздеді. Алаш партиясының маңайына біріккен қазақ зиялылары ойларын іске асыру үшін нақты бағдарламалар қабылдады. Олар Қазақ Ұлттық Автономиясын құруға белсене кірісті. Олардың ойынша,

Ресей демократиялық-федеративтік мемлекет, ал қазақ елі сол елдің құрамындағы автономды мемлекет болуы керек болды. Бірақ Ленин бастаған большевиктерге Ресейдің құрамындағы халықтардың өз алдына ұлттық мемлекет құруы қажет емес еді. Олардың көздегені – жаңадан большевиктік империя құруын.

Большевиктердің саясатының демократиялық идеяға жанаспайтынын Ә. Бөкейханов: «Ел басшыларының жауапсыздығын біз Николай тұсында көріп едік. Большевиктер төрағасы Ульянов-Ленин, сол Николай секілді, жеке билеп төстейді. Николай сияқты халықты тілсіз хайуанға балайды. Большевиктер Петроград пен Мәскеу Думасын қуып таратты. Ал, оларды халық сайлаған болатын. Демократия – шетел тілінің сөзі, ол халық билігі деген мағына береді. Большевиктер халық билігін «буржуазия сарқыншағы» деп есептейді»[2] – деп ашып айтты. Халық билігін «буржуазия сарқыншағы» деп санайтын большевиктер үшін демократияның мүлдем керегі жоқтың. Демократияда халықтардың құқығы және теңдігі сақталады, ал патшалық империяның орнын басқан, халқы құлдықта өмір сүретін Кеңестік империяда халықтардың құқығы мен теңдігі сақталуы мүмкін еместін. Және демократия болуы үшін экономикада да демократия болуы керек. Экономикадағы демократия әр түрлі меншік иелерінің өмір сүруіне мүмкіндік береді. Ал Кеңестік социалистік империяның мақсаты меншік иелерін болдыру емес, керісінше «барлық байлықты,

орталықтандыру, өндіріс құрал-жабдықтарын мемлекеттік меншік деп жариялау, өндірілген өнімді де мемлекеттік мүлік деп бақылауға алып, адамдарға үлестіріп беру. Сөйтіп материалдық игіліктерді өндірушілерге әлеуметтік бақылау орнату»[3] еді.

Жоғарыда қазақ елін отарлау саясаты патшалық Ресей құлап, Кеңес үкіметі құрылған соң да жалғаса берді деген едік. Ресейдің отарлау пиғылын анық аңғарған қазақ зиялылары Қазан төңкерісінен кейінгі уақытта бар күштерін халыққа миссионерлік пиғылдан ада оқу-білім үйретуге жұмсады. Себебі қазақ зиялылары отарлық бөгде сана қазаққа ағартушылық арқылы келіп жатқанын анық көрді. Олардың бұл ойлары отаршылдарға ұнамады. Отаршылдарға отарындағы елдің ғылым, өнер үйренуі қажетсіз. Отар елдің ғылым жетістіктерін үйренуі, дербес ғылымының дамуы, күштінің қаруың меңгеруі үстемдік етуші елге қауіпті. Осыны болдырмау үшін түркі халықтарының бірлігіне сызат түсіріп, қазақ зиялыларын әр түрлі себептермен қудалау басталды. Қазақ зиялыларын қудалау Кеңес үкіметі құрылғаннан кейінгі кезеңде ашықтан ашық жүргізілді. «Панисламизм», «пантүркизм» ұғымдары қалыптасты. Кеңес билігі қазақ халқының интеллигенция өкілдерін тікелей бақылауында ұстап, ұрымтал сәт пайда болғанда, «халық жауы» деген жаламен көзін құртып отырды. Мәселен, А. Байтұрсынұлы №1 «пантүркист» ретінде И.В. Сталиннің тікелей бақылауында болды. Ғұмыр бойы қудалануда болған А. Байтұрсынұлы

1937 жылы 6 желтоқсанда «халық жауы» ретінде атылды. Оның барлық еңбектері пантүркістік, антикеңестік пиғылда деген жала жабылып, жиналып-теріліп өртелінді. Қазақ үшін араб әрпі негізінде жасаған әліпбиін Сталин «пантүркістік идеяны бойына сақтаушы» деп бағалап, бұл әліпбидің орнына 1926 жылы латын жазуын, 1940 жылы кириллица жазуын енгізді. Тіпті, оның атын атап, шығармаларын сақтаған азаматтар ұлтшыл буржуазия өкілі, халық жауы деген айыппен лагерьлерге камалып, ит жеккенге айдалып, ату жазасына кесілді. Бұл тек А. Байтұрсынұлының басына түскен нәубет емес, қазақ зиялыларының бәріне келген нәубет еді.

Нағыз нәубет социализм идеясының қазақ халқының өміріне батпандап кірген шағында орнады. Жоғарыда айтылғандай, Ресейде болған қазан төңкерісінің негізінде социалистік идеяны жүзеге асыру әрекеті жатты. Төңкеріс арқылы жеке меншікті жойып, өндірушілер экономикасына мемлекеттік бақылау орнату. Сол арқылы қоғамдағы таптық қанауды болдырмау, әлеуметтік теңсіздікті жою.

Әлеуметтік теңсіздік адам баласын сонау бағзы заманнан бері ойландырып келе жатқан құбылыс. Әлеуметтік теңсіздік болмайтын қоғам құру туралы утопистік сарындағы идеяларды Платонның «Атлантида», Т. Мордың «Утопия», Т. Кампанелланың «Күн қаласының тұрғындары», Сен-Симон, Р. Оуэн, Э. Кабениң еңбектерінен аңғаруға болады. Коммунизм де утопиялық

идея. Әлеуметтік теңсіздіктің шығу көзі неде дегенге келсек, бұған жауапты қазақ ойшылы Ғ. Есімнің мына бір ойынан табамыз. «... Ол тек таптық қанауға байланысты ұғым емес. Әлеуметтік теңсіздік қоғамда неліктен болады дегенге келсек, ол адам табиғатына, болмысына қатысты екенін мойындау керек. Бес саусақ бірдей емес демекші, әр адамның қабілеті әр түрлі» [4] – дейді Ғ.Есім. Ол әлеуметтік теңсіздіктің себебін адамның болмысынан, қабілетінің әр түрлілігінен көреді. Адамның қабілетінің әр түрлі болуы табиғи заңдылық. Табиғи заңдылықты адамдар өзгерте алмайды. Социализм адамдардың қабілеттеріндегі әр түрлілікті елемей, оларды теңестіруге тырысты. Адамдарды теңестіру оның болмысына жасалған қарсы әрекет. Социализмнің адамның табиғатына қарсы идея болғандығын Ресейдің Уақытша үкіметінің премьер-министрі болған, Ленин «революция үшін ең қауіпті адам» деп атаған А.Ф. Керенский де айтқан болатын. Ол: «Социализмге материалистік тұрғыдан келген марксизм тек бір ғана таптың пролетариаттың ілімі болды. Адамның өзінің қайталанбас ерекшеліктерін есепке алмайтын, оны азат етуді тарихи процестің этикалық және философиялық басты мақсаты деп есептемейтін бұл ілімнің орыс идеясына үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Материалистік теориялар адамды үлкен құбыжық машинаның кішкентай тетіктеріне айналдырады»[5] – дейді.

А.Ф. Керенский социализмді орыс идеясына үш қайнаса сорпасы қосылмайды дейді. Неліктен? Себебі социализм идеясы Батыс Еуропадан келген идея еді. Ғ. Есім: «Социализм Қазақ еліне қайдан келіп еді дегенге келсек, Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің іс, тәжірибесіне назар салуымыз керек. Бұл екеуі 1848 жылдың 21 ақпанында «Коммунистік партияның Манифесін» неміс тілінде жариялады. Социализмнің утопиядан саяси мәнге айналуы туралы ілім осы Манифесттен бастау алады. Манифест «Еуропаны Елес кезіп жүр, ол коммунизм елесі» – деп басталған» [4, 62 б.] – деп социализм идеясының қайнар көзін анықтайды. Идея Еуропада жасалған, Ресейде алғашқы болып осы идеяны жүзеге асыру әрекеті орындалған. Қазақстан сол кезде Ресейдің отары болғандықтан, социализм идеясының біздің елге Ресейден келуі түсінікті жайт. Ресейде коммунизм идеясының кең таралуы оның еуропашылдығынан, яғни олардың еуроцентристік ойлардың жүйесінде болғандығынан болар.

Ресейдің еуроцентристік көзқарас шеңберінде болғандығын М.С. Бурабаевтың мына бір ойы дәйектей түседі: «Наша республика вопреки воле народа, в составе СССР оказался в системе мифического российского евроцентризма. В ходе колониальных захватов и становления современного Запада сложилась система идеологических мифов, названная евроцентризмом. Он утверждает, что Запад –

единственная цивилизация, прошедшая в своем развитии «правильный» путь, который неизбежно должны пройти все остальные культуры и цивилизации. В конце этого пути все человечество обретет одну и ту же «правильную» систему хозяйства и общественного устройства по типу Запада» [6]. Еуропа елдерінің ғылымда, техниканың дамуында қол жеткізген жетістіктері ұшан-теңіз. Және дүниежүзілік өркениеттің дамуына Еуропа ғылымының шешуші үлес қосқанын да білеміз. Бірақ дүниежүзілік өркениетке әр ұлттың қосатын үлесі барын да ұмытпаған жөн. Еуроцентризм басқа ұлттардың өркениетке қосатын үлестерін көрмейді, ол үшін Еуропа өркениеті негізінде жасалатын өркениет қана бар, ал оған сәйкес келмейтіндері дамудың алғашқы сатысында немесе жабайылық деңгейде ғана. «Евроцентризм не сводится к какой-либо из разновидностей этноцентризма, от которого не свободен ни один народ. Это – идеология, претендующая на универсализм и утверждающая, что все народы и все культуры проходят один тот же путь и отличаются друг от друга лишь стадией развития. Евроцентризм, получивший мощную идеологическую поддержку от науки (в виде дарвинизма), широко распространился в XIX веке» [6, 94 б.] – дейді М.С. Бурабаев. Еуроцентризм әмбебап сана қалыптастыруға ұмтылады. Ол көзқарас бойынша Еуропа өркениетінің жүріп өткен жолынан басқа дұрыс жол жоқ. Барлық этностардың түсінігі, дүниетанымы,

санасы еуроцентризмнің өлшемдерімен, түсініктерімен өлшенуі керек. Еуроцентризмнің кемшілігі – оның әмбебап болғысы келетіндігінде. Бұл ұмтылыс біршама жүзеге асқанымен, әмбебаптық деңгейге жетуі мүмкін емес. Себебі, әр этностың өзіндік санасы, өзіндік болмысы, өзіндік танымы, өзіндік тыныс-тіршілігі бар. Этностың осы ерекшеліктерін әмбебап сана жасап берген «өлшемнің» қалыбына салып өлшеуге болғанымен, этностың төл «өлшемдері» әмбебап «өлшемдердің» арнасынан түптің-түбінде асып шығады. Ойымызды социалистік сананың Қазақ елінде орнауы арқылы дәйектеп көрелік.

Социализм идеясы Қазақ еліне Ресей отаршылығы арқылы енді. Патшалық Ресей құлағаннан кейін теңдік, әділдік орнатамыз, таптық қанауды жоямыз деген жалған ұранмен халықты алдаған Кеңес үкіметі отаршылықтың тың формасын алып келді. Тек қана идеологиямен өмір сүретін Ресей отаршылығының идеологтары К. Маркстың қоғамдық экономикалық формациялар туралы ілімін еуроцентристік пиғылда түсіндірді. Маркстың бұл ілімі бойынша қоғамдық экономикалық формациялардың бес түрі бар. Олар: алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік және коммунистік формациялар. Таптық қанау формацияның алғашқы қауымдық және коммунизм түрінен өзгесінде болады. Олардың дәлелдеуінше, Қазақстан қоғамында капиталистік формация қалыптаспағандықтан,

олар әлі мүдделері бір-біріне қарама-қарсы таптары бар феодалдық-патриархалдық формацияда өмір сүріп отыр. Сондықтан шаруаларды феодалдардың қанауынан құтқару қажет. Бұл әрине Ресей отаршылығының өздерінің отарлық саясатын бүркемелеп қалу үшін жасаған жалған түсінігі еді. Ғ. Есімнің ойынша, «қазақ халқының болмысында бай және кедей дегендер болғанымен, тапқа бөліну болмаған. Қауымдық-рулық тұрмыста болған қазақтарға таптық қанау деген беймәлім құбылыс болатын. Бір-біріне анталаған долы ашулы таптар болмағандықтан қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздік бір халықты екі жаратын дүлей күшке айналмаған. Кедей мен бай арасындағы қатынас реттеліп, ушықпай шешіліп отырған» [3, 109]. Ғ. Есімнің ойына сүйенсек, Қазақ жерінде таптық қанау болмаған, тіпті феодалдық қатынастар да орын алмаған. Егер Қазақ жерінде феодалдық құрылыс болмаса, онда қандай қоғамдық құрылыстың болғаны? Және феодализм дегеніміздің өзі не еді?

«Феодализм – (лат. Feodum, feudum; көне герм. Fihu, fehu – меншікті мекен, мүлік, мал, ақша + fd – иелік, иелену) – қоғамдық даму сатыларының маркстік теориясына сәйкес әлемдік экономика дамуының тарихи бес кезеңінің бірі, капитализмнің алдындағы әлеуметтік-экономикалық формация. Феодализм өндірістің басты құрал-жабдығын – жерді феодалдардың меншіктенуіне және осы иеліктердегі ұсақ жеке шаруашылықты жүргізуші

шаруалардың – өндірушілердің оларға жеке басының тәуелділігіне негізделген» [7]. Феодал болуы үшін оның атадан балаға қалған немесе корольдің, басқа да жер иеленушінің жер беруі нәтижесінде заңдастырылып, хатталып қойылған жеке меншік жері болуы керек. Олар шаруалар еңбегін пайдаланып, жалдамалылар ұстайтын. Бұл мәндегі феодал ұғымының мазмұнына сәйкес қазақ феодалы болмаған. «Қазақ ауылы ішінде, яғни қауымдық-рулық меншік ішінде екі меншік бар. Бірі байдың малы, екіншісі әрбір отбасының малы, ал жер ортақ. Байдың малы да ортақ мал, өйткені өзгелер (малы шағын кедейлер, жалға жүретіндер) осы байдың малын, былайша айтқанда, ортақ малды бағып-қағып содан еңбек ақы алады. Демек, бұл өмір сүру үшін қажетті дәулет. Байдың малы болмаса, табыс көзі қайдан болмақ. Табыстың бұл бір көзі. Екіншісі, әркімнің өз малы бар, оған өзі ие. Сөйтіп әркімнің жеке меншігі бар және ортақ малға (бай малына) әрқайсысының үлесі бар. Ортақ мал тұрмыс өзегі» [3, 90-91] – дейді Ғ. Есім. Мұндай қауымдық-рулық тұрмыста таптық қанау қайдан болсын. Қазақ қоғамы феодалдық-патриархалдық формацияда және таптық қанауда өмір сүреді деп марксизм-ленинизм ғалымдары шатасты немесе «Қазан төңкерісінің жеңісі қазақ жерінде толық байқалмады. Әр қазақ отбасын репрессиялау керек. Барлық қазақтар Кеңестерге қарсы» деп топшылаған Ф. Голощекиннің қазақ жерінде «Кіші Қазан» төңкерісін өткізуін жасырып қалу үшін мұндай

жалған түсінікті әдейі қалыптастырды. Феодалдардың езгісінен шаруаларды құтқарамыз деген желеумен Қазақстанда 1928 жылы байлардың малын күштеп тартып алып, ұжымдастыру жұмысын бастап кетті. Байлар қолдарындағы малдарынан айырылды, қарсылық тудырғандары атылды, жазаланды, кейбіреулері Қазақстан территориясынан жер ауып кетті. Қазақтардың күн көріс көзі мал өсіру болғандығы белгілі, малынан айырылған қазақтар 1931-1932 жылдары аштыққа ұшырады. Бұл қазақтарды қыру үшін қолдан жасалған аштық еді, осы жылдары қазақтардың жартысынан астамы қырылды.

Кеңес дәуірінде қазақ елінде социалистік қоғам құру жолында орын алған халықтың ашаршылыққа ұшырауы, қазақ зиялыларының репрессияға ұшырауы, тағы да осы сияқты отарлаудың зардаптары айтылмай, керісінше, социализмді орнатудың дұрыстығын дәлелдейтін теориялық негіздер жасалынып отырды. Соның бірі жоғарыда айтылған қазақ жеріндегі феодалдық-патриархалдық формацияның болғандығын көрсету ету. Маркс формациялар теориясын Еуропаға қатысты қолданғанын білеміз. Оның айтуынша, бұл формациялардан мазмұны бөлек азиаттық өндіріс тәсілі де бар. Маркстың бұл пікірін біле тұра, марксизм-ленинизмнің жандайшаптары қазақ жерінде феодализм болғандығын дәлелдеумен болды. Қазақ байлары халықты қанаушы жауыз феодал ретінде түсіндірілді. Сол арқылы

Ресейді отарлаушы ел емес, керісінше өз еліндегі қанаушылардан құтқарушы, қазақтың көкірек көзін ашушы, қазаққа теңдік әперуші ел ретінде көрсетпекші еді. «Егер де Қазақстанда феодализм болмаса, онда қазақтар арасында тап күресінің болмағаны, Сырым Датұлы шаруаларды бастап феодалдарға шықпаған, ол ұлттық намыс, жігері бар байды, бекті, төрені, қара халықты орыстың отарлау саясатына қарсы күреске бастап шыққаны шындық болмақ. Онда большевиктердің қазақ шаруасын феодалдар қанауынан құтқарғаны шындыққа жатпайды. Қазақстанда жүргізілген коллективтендіру халыққа қарсы саясат. Социализм халыққа теңдік, азаттық емес, бодандықтың жаңа түрін әкелгені ақиқат болғаны» [3, 89] – деп Ғ. Есім тарихтың не себепті бұрмаланғандығын, не себепті теріс тұжырымдар жасалынғанын дөп басып анықтап берді. Осы кезде марксизм-ленинизм ілімдеріне сай келетін ғалымдардың еңбектері асыра дәріптеліп, оған мазмұны келмейтіндер терістеліп отырылды. Барлық ғылым салалары, тарих, гуманитарлық-қоғамдық ғылымдар идеологиялық сүзгіден өтті. Ғылымға еуроцентристік өлшеммен қаралды.

Әлемде отар ел тек Қазақ елі болмағандығын тарихтан білеміз. Еуропаның «дамыған» елдері Африка, Оңтүстік және Солтүстік Америка елдерін, Австралия, Үндістан т.б. елдерді басып алып, отарларына айналдырғаны мәлім. Отарлаушы елдер отардағы елдердің

тарихын, дүниетанымын өзінің отаршыл (еуропалық) көзқарасы бойынша түсіндіріп, өздерінің үстемдіктерін, жетістіктерін әрдайым көрсетіп отырады [8]. Осы тұрғыда Үндістанның ағылшын отарлығына қарсы күресінің көшбасшысы Дж. Нерудің мынандай бір пікірі бар. Ол: «Индиялық ұлтжандылықтың жатжұрттық билікке қарсы бірігуі – заңды әрі солай болуға тиісті құбылыс еді. Соған қарамастан, біздің зиялыларымыз ХІХ ғасырдың аяғына дейін саналы түрде немесе оны қаперіне алмастан империяның ағылшындық идеологиясын қалай қабылдап келді десеңші. Өзінің барлық уәжін соған негіздеп құрды, тек ішінара ғана оның кейбір сыртқы сыпаттарын сынаумен шектелді. Тарих, экономика және басқа да пәндер мектептер мен университеттерде оқылатын Британ империясының көзімен жазылды және оның біздің өткеніміз бен бүгінгі күндеріміздегі көптеген кемшіліктерімізге иек сүйей отырып, ағылшындардың жасап берген жақсылықтары мен олардың «ұлттық парызы» баса көрсетілді. Біз белгілі мөлшерде осынау жалған пайымдауды қабылдадық, тіпті оған іштей қарсы тұратын күннің өзінде ол бізге өз ықпалын жасады. Өйткені менің елімнің тарихы ағылшындардың көзқарасымен жасалған тарих еді» [9] – деп жазыпты.

Қазақ елінің тарихы да солай жазылды. Ресейдің қоластына қосылмай тұрғандағы Қазақ хандығының тарихы бұрмаланып, мемлекеттігінің болғандығына

күмәнмен қаралса да, қазақ халқының тарихына, тіліне, дініне, ұлттық мәдениетіне отаршылық жасап берген әмбебап өлшемдердің арнасында қалып қоймай, төл өлшемдер негізінде келіп, қазақ тарихына оң көзқараста болған көптеген қазақ зиялылары болды. Сондықтан олар көп қудалануға ұшырады. Мәселен, Е. Бекмаханов Кеңесары Қасымұлы көтерілісін зерттеуге арналған «XIX ғасырдың 20-40 жылдардағы Қазақстан» (1947 жыл) атты еңбегі үшін 1952 жылы 4 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы сотының шешімімен 25 жылға бас бостандығынан айрылды. Қазақ

халқының өткені туралы жақсы көзқараста болған көптеген қоғамтану ғалымдары, жазушылар, өнер қайраткерлері А. Жұбанов, Х. Жұмалиев, Б. Сүлейменов, Е. Смаилов, Ә. Әбішев, Қ. Аманжолов, Қ. Бекхожин, С. Бегалин, Қ. Сәтпаев, М. Әуезовтер саяси және буржуазиялық-ұлтшылдық кателіктер жіберді деп нақақтан танылған айыптармен қудалануға ұшырады. А. Құнанбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, «Зар заман» ойшылдары, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Т. Рысқұлов сынды азаматтардың атын атауға мүлдем тыйым салынды.

Алынған деректерді талқылау және қорытынды

Сонымен, XX ғасыр қазақ халқына басында отарлық езгіден құтылар мүмкіндігін де берді, кейін сол мүмкіндікті қолынан тартып алып та қойды. Қазақ елін патшалық Ресейдің отарлау саясаты мен Кеңестік дәуірдегі отарлау саясатының мақсаты бір болғанымен, Кеңестік дәуірдегі отарлық саясат жойқын болды. Бұған елдегі болған төңкерістер, бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар тұсындағы қазақ халқы көрген қиындықтар, бай-кулактармен күрес, ұжымдастыру саясаты, бірнеше мәрте әдейі жасалған ашаршылық, қазақ зиялыларын репрессиялау, коммунизм құрудағы асыра сілтеулер т.б. дәлел бола алады. Отаршылықтың бұл «науқандары» қазақ халқының ұлттық рухының құлдырауына соқтырды. Бұл әрекеттері аздай қазақтың санасын, мәдениетін, тілін, дінін ұмыттыруға

бағытталған бөгде сана ілімдері – социализм, коммунизм, еуроцентризм т.б. – құрудың алдында тұрған халықтың санасын, рухани құндылықтарын, дүниетанымын өзгеріске түсірді, олар тұрғысында өзгеше көзқарас қалыптастырды. Бақытымызға орай, отаршылықтың осындай түрлі-түрлі қулық-сұмдықтарын басынан өткізген қазақ құрып кетпей, тәуелсіздікке дейін шыдап бақты.

Еліміздің тәуелсіздігінің іргетасын бекіте түсуде және қоғамдық сананы рухани жаңғыртуда келесі қажетті қадамдарды ұсынамыз.

Біріншіден, елде деколонизация, яғни отарсыздану процесін жүргізу қажет. Қазақ халқы жаңа ғасырға бодандық қамытынан құтылған азат ел болып аттады. Бірақ бодандық қамыт мойнынан түссе де, миынан, санасынан түскен жоқ. Америкалық ғалым Ева Томсон

отаршылдықтың салдары туралы отаршылдардың өздері елден кетсе де, олардың көлеңкесі қалатынын жазған. «Отаршылдық азаттық алған елдің тіршілігінің барлық саласында төбе көрсетіп отырады. Саяси жүйе өзгерсе де, отаршылдардың ойран салуынан әбден зардап шеккен ұлттық сана көп уақытқа дейін ойрандалған қалпында қалады. Оның өзгеріссіз қалуы – азаттық дәуірін бастап кешіп отырған бұрынғы елдердің ең алдымен тілінде көрінеді» деген тұжырым жасайды Ева Томсон [10]. Отаршылдық қамытын киген, әбден тапталған халықтың ұлттық мәдениетін, тілін, санасын тез арада қалыпқа келтіру іс-шараларын жүргізу қажет-ақ.

Екіншіден, әлемдегі өркениетті елдердің қатарына жетіп, олармен терезесі тең ел болуымыз үшін өзіміздің төл дүниетанымымызға сәйкес іргетас, негіз қалыптастыру, төл мәдениетімізді жаңғыртуды сөзден іске көшіруіміз керек.

Үшіншіден, ұлттық рухани құндылықтардан сусындаған адам

капиталын қалыптастыру, қазіргі қоғамда қазақтық болмыстағы ұрпақ тәрбиелеу керек. Елдің болашағы – өскелең жас ұрпақ. Әр елдің болашағының баянды, не баянсыз болуы бүгінгі жастар болмысының ертең қалай қалыптасарына байланысты. Жастар болмысын қалыптастыру отбасындағы тәрбиеден басталады. Тәрбие басы – тал бесік. Сондықтан «ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» демекші отбасында, балабақшада, мектепте қазақ халқының төл рухани құндылықтары арқылы ұрпақ тәрбиелеп, қазақ тілінде сөйлетудің, ұлттық рухты бойына сіндірудің қажеттілігін түсінгеніміз жөн.

Бұл іс-шараларды іске асыруға, яғни отарсыздану процесін жүргізуге, ұлттық мәдени-рухани өзегімізді жаңғыртуға, қазақтық болмыстағы ұрпақ тәрбиелеуге тәуелсіздік жол ашады. Тәуелсіздіктің бағасы да, құны да, маңыздылығы да осы іс-шараларды атқару деңгейіне байланысты анықталуы керек. Себебі тәуелсіздік – жаңғыру және жаңару мүмкіндігі.

Әдебиеттер тізімі

1 Әбжанов Т.Ы., Сағатова Ә.С., Рақымжанов Б.Қ., Мұқыш Қ.С. Қазақ рухының философиясы: Оқу құралы. I кітап. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. – 240 б.

2 Д. Қамзабекұлы. Алаштың рухани тұғыры. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 357 б.

3 Ғарифолла Есім. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2006. – 216 б.

4 Ғарифолла Есім. Социализм. Күнә және кінә туралы роман. – Астана: Елорда, 2010. – 286 б.

5 А. Керенский. Түбінде жауап беруге тура келеді // Парасат. – 1998. – №3.

6 М.С. Бурабаев. Агын Касымжанов – основоположник возрождения фарабиеведения на исторической родине Абу Наср Аль-Фараби в Казахстане. Партия разрушает историческую и культурную память туранцев. – Алматы, 2009. – С. 291.

7 Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия. 9 том. – Алматы. «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 2007. – 686 б.

8 Zh.T. Kulzhanova. Legal Culture as the Determinant of Value Orientations in Youth in the Society of the Transition Period (Philosophical Analysis) // International Journal of environmental & Science Education, 2016, Vol.11, NO.12,

9 Тарих. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Әлемдік тарихи ой. – Астана: Фолиант, 2006. – 544 б.

10 Zh.T. Kulzhanova. Technology Development in the Terms of Built Environment Creation. Philosophical Analysis. // IEJME – Mathematics Education, 11 (7). 2016

Резюме

Из истории известно, что, колонизация не ограничивается захватом чужой земли, изменением социально-административного управления страны. Чтобы народ не пошел против них в будущем, колонизаторы пытаются уничтожить общественное сознание, национальную честь народа, избавиться от всего, что касается осознания коренного населения с помощью внедрения чуждого самосознания, стараются, чтобы народ позабыл историко-культурную память. Описанную характеристику, свойственную колонизаторам, можно увидеть из колонизаторской политики России во время захвата Казахских земель.

Национальный дух казахского народа был сломлен в следствие трудностей, испытанных во время первой и второй мировых войн в советском периоде, а также во время борьбы с кулаками, ведения политики коллективизации, искусственно созданного голода, который повторялся неоднократно, репрессии казахской интеллигенции, искусственного раздувания в введении коммунизма. Внедрение обществу чуждого самосознания, направленного на то, чтобы народ позабыл свое самосознание, культуру, язык, религию, стало причиной изменения исторической памяти, духовных ценностей, мировоззрения. Автор в своей статье демонстрирует подобные воздействия на осознание казахского народа российскими колонизаторами путем проведения анализа философских понятий «самопознание» и «чуждое осознание». Он определяет искаженные-неправильные понятия, образовавшиеся по чуждому осознанию, и европацентристическим и ориенталистическим меркам, которые господствовали в советскую эпоху.

К тому же, в статье при закреплении фундамента независимости и духовной модернизации самосознания общества, излагаются необходимость

заново дорожить ценностями нашей истории и культуры, что дошли до нас со времен колонизации и изгнания, а также потребность формирования объективного мышления относительно проблем мировоззрения, возвращая то, что было уничтожено и разрушено.

Summary

It is known from the history that colonization extends beyond the seizure of foreign land and change in social-and-administrative government of the country. Pursuing the aim to prevent the nation turning against them in future, colonizers strive to destroy the public conscience, the national honor of people, deprive from everything related to the native population understanding and use for this purpose the implantation of alien self-consciousness. They exert every effort to make people forget their historical-and-cultural memory. The described features inherent to the colonizers may be seen in the Russian colonizer's policy at the times of Kazakh lands' seizure.

National spirit of Kazakh people was broken down in virtue of hardships they suffer during the First and the Second World Wars in Soviet period, and, moreover in the time of fight against kulack elements and collectivization period, and man-made famine which occur repeatedly, reprisals against the Kazakh intellectuals, contrived exaggeration of the communism building ideas. Alien self-consciousness implantation into society aimed at making the people forget their self-consciousness, culture, language and religion caused change in the historical memory, spiritual values and the world view. In the article the author made an attempt to demonstrate such impacts on the Kazakh people consciousness by Russian colonists. For this purpose the author analyzes such philosophy concepts as "native consciousness" and "alien conciseness". He determines corrupt concepts formed based on alien consciousness, Europe-centrist and orientalist standards which reigned in the Soviet epoch.

In addition, in strengthening the foundation of independence and spiritual modernization of the society self-consciousness the article sets forth the necessity in newly cherishing the values of our history and culture survived the times of colonization and expelling, as well as need in formation of unprejudiced thinking concerning the worldview issues, thereby recovering all that was destroyed and demolished.